

Б.С. Есенгельдин<sup>1</sup>, Д.М. Катышев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;

<sup>2</sup>Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан  
(E-mail: yessen\_baur@inbox.ru)

## Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды талдау және бағалау

Мақалада мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды бағалаудың қазіргі замандағы қажеттілігі салыстырмалы түрде қарастырылған. Еліміздің стратегиялық даму келешегін іске асыруға бағытталған Қазақстан Республикасының 2010–2016 жылдардағы мемлекеттік бағдарламалардың саны анықталған. Авторлардың пікірінше, ел дамуы келешегінің мемлекеттік бағытына қарай мемлекеттік бағдарламалар саны тәуелді түрде жыл сайын өзгеріп отырады. Білім, денсаулық сақтау, тілдерді дамыту және индустриализация салаларында мемлекеттің келешегі үшін бекітілген 8 мемлекеттік бағдарламалар талдаған. Ұлттық экономика министрлігінің және Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мәліметтері негізінде, Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тиімділігіне бағалау жүргізген. Индустриализация картасының республикалық жобалары Қазақстан Республикасының аймақтары шеңберінде қарастырылған. 2010–2014 жылдардағы республикалық маңызы бар жобалар көбінесе Астана қаласында, Жамбыл, Қарағанды, Павлодар және Маңғыстау облыстарында іске асырылғандығы туралы баяндалған. Сондай-ақ 2015–2019 жылдары жобалардың басым бөлігі Павлодар және Атырау облыстарында жоспарланғаны анықталған. Авторлар мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың сапалы және тиімді дайындалуы мен іске асуы бойынша туындайтын негізгі мәселелерді анықтаған.

*Кілт сөздер:* жоба, бағдарлама, мемлекеттік бағдарлама, тиімділік, бағалау, индикатор, инновация, индустриализация, аймақ, инфрақұрылым.

Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі ұлттық экономиканың тұрақты дамуында маңызды рөл атқарады, ал бұл тек экономикалық тиімділікпен ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдар жұмысының әлеуметтік-саяси нәтижелерімен анықталады.

Мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру тиімділігін бағалау:

– бағдарламалық міндеттерді шешуді және стратегиялық бағдарламалардың негізгі жоспарланған нәтижелеріне қолжеткізуді бақылау;

– бюджет қаражаттарын қолдану тиімділігін бағалау;


– елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына мемлекеттік бағдарламалардың қосатын үлесін бағалау;

– бағдарламаларды іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігін жоғарылату үшін қажет.

Мемлекеттік бағдарламалар елдің стратегиялық даму басымдықтарын іске асыруға және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың мақсаттары, міндеттері және құралдарын анықтауға арналған.

Негізінде, барлық бағдарламалар қысқа және ұзақ мерзімдегі мақсаттар мен іс-шараларды анықтайды. Сондықтан мемлекеттік бағдарламалар саны елдің даму келешектерін қалай көретініне байланысты жыл сайын өзгеріп отырады (1-сур.).

Байқағанымыздай, 2010–2015 жж. аралығында мемлекеттік бағдарламалардың саны жыл сайын өсіп келген (4-тен 11-ге дейін), бұл кезеңдегі бағдарламалардың дені білім беру, денсаулық сақтау, тілдерді дамыту мен индустриализация салаларында мемлекеттік басымдықтарды бекітті. Алайда 2016 ж. мемлекеттік бағдарламалардың тізімі қысқартылды. Бұл Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысындағы (2015 ж. 6 мамыр) Елбасының мемлекеттік бағдарламалар санын қысқартып, «салалық бағдарламаларды мүлдем алып тастап, оларды стратегиялық жоспарларға қосу керек» және «нақты үлкен сұрақтармен» айналысу қажеттігі жайында тапсырмасына байланысты жасалған.



1-сурет. 2010–2016 жылдардағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалар саны

*Ескерту.* Авторлармен [1] бойынша құрылған.

Мемлекеттік бағдарламалар тізімінде 2015–2019 жж. жасалған «Нұрлы жол» Мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасы ерекше орын алады. 2015 ж. «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық бағдарламасын іске асырудың бірінші жылы болды. Бағдарлама мақсаты Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық өрлеуін қамтамасыз ету мақсатында хаб қағидатында тиімді инфрақұрылым құру негізінде елдің макроөңірлерін ықпалдастыру арқылы бірыңғай экономикалық нарық қалыптастыру, сонымен қатар сыртқы нарықтардағы конъюнктураның нашарлауы жағдайында экономиканың жеке салаларын қолдау бойынша дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру болып табылады [2].

2015 ж. «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры есебінен тікелей бюджеттік қаржыландыру арқылы (492,6 млрд тг) және «Бәйтерек» холдингінің облигациялық қарызын тарту көмегімен (277,5 млрд тг) жүзеге асырылды. Бұл қаражаттар негізінен келесі бағыттарға жұмсалды:

- тиімді көліктік-логистикалық инфрақұрылымды қалыптастыруға;
- индустриялық және туристік инфрақұрылымның дамуына;
- энергетикалық инфрақұрылымның нығаюына және т.б.

Мемлекеттік басқаруды жетілдіру ашық және «мобильді» үкіметті қалыптастырумен, ақпараттық инфрақұрылымның қолжетімді болуымен тығыз байланысты. Сондықтан ақпараттық қоғамға ауысуға қажетті жағдай жасау үшін «Ақпаратты Қазақстан–2020» мемлекеттік бағдарламасы құрылған.

Бағдарламада төрт негізгі бағыттар анықталған:

- мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету;
- ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- отандық ақпарат кеңістігін дамыту [3].

Мемлекеттік басқаруда Діни экстремизм мен терроризмге қарсы мемлекеттік бағдарлама аса маңызды орынға ие. Ол ұлт қауіпсіздігі мәселелеріне маманданған сарапшылар мен ғалымдардың ойлары мен ұсыныстарын ескере отырып құрылған.

Мемлекеттің саясаты, ең алдымен, қоғамда кез келген радикалды құбылыстарға байланысты құқық бұзушылыққа төзімсіздікті қалыптастыруға бағытталуы тиіс [4].

Осыған байланысты мемлекеттің діни экстремизм мен терроризмге қарсы саясаты тиімді, әрі дер кезінде болуы керек, себебі бұл құқық бұзушылықтар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасының «Денсаулық» мемлекеттік денсаулық сақтауды дамыту бағдарламасы 2011–2015 жж. «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының логикалық жалғасы болып табылады. «Денсаулық» бағдарламасы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Денсаулық–2020» саясатының негізгі қағидаттарына сәйкес жалпы халықты қамту, әлеуметтік

әділдік, сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету және денсаулық үшін ортақ жауапкершілік қағидаттарын орындай отырып, әлеуметтік бағдарланған ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты болуына және қарқынды дамуына ықпал етеді.

Бағдарламаны 2016–2019 жж. асыру үшін мемлекеттік бюджет және міндетті медициналық сақтандыру қорының қаражаты, сонымен қатар басқа да заңға қайшы келмейтін қаражат жұмсалады. Бағдарламаны жүзеге асыруға мемлекеттік бюджеттен жалпы 1 969 млрд тг жұмсалмақ [5].

Елдің дамуы үшін интеллектуалдық әлеуетті жоғарылатудың маңызы зор, осыған байланысты 2011–2020 жж. Қазақстан Республикасындағы Білім және ғылымның дамуы мемлекеттік бағдарламасы құрылды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты — экономиканың тұрақты дамуы үшін білім мен ғылымның бәкеге қабілеттігін арттыру, адами капиталды дамыту. Бағдарлама екі кезеңге бөлінген: бірінші кезең — 2011–2015 жж., екінші кезең — 2016–2020 жж.

Бірінші кезеңде құқықтық базаны дайындау, инфрақұрылымдық даму және білім мен ғылымның ресурстық әлеуетін жоғарылату жүзеге асырылды. Бағдарламаның екінші кезеңін табысты іске асыру үшін қаржы ресурстары электрондық оқытуға, үш ауысымдық және төтенше жағдайдағы мектептердің орнына жаңа мектептер салуға, мамандандырылған мектептер құрылысына, жетекші жоғары оқу орындарына шетелдік ғалымдар мен консультанттарды тартуға, магистратура мен докторантураға мемлекеттік білім беру тапсырысына, инновациялық жобаларды дамытуға және т.б. жұмылдырылатын болады [6].

Он жылға есептелген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы (2011–2020 жж.) елде қалыптасқан тіл құрылысы жағдайының талдауына негізделі отырып, тіл мәселелерімен айналысатын сарапшы қоғамдастықтың көзқарастары мен ұсыныстарын ескереді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты — Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты жүргізу.

Бұл бағдарлама төрт бағыт бойынша іске асырылады:

- мемлекеттік тілді игеру;
- мемлекеттік тілді қолдану салаларын кеңейту;
- қазақстандықтардың тіл мәдениеті деңгейін жоғарылату;
- лингвистикалық капиталдың дамуы үшін қолайлы жағдай жасау [7].

Қазақстанның су ресурстарын басқарудың 2014–2020 жж. бағытталған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігін қамтамасыз ету және су ресурстарын тиімді пайдалану болып табылады [8].

Бағдарламада бойынша 2020 ж. дейін су ресурстарының тапшылығын инфрақұрылымды жаңарту және дамыту арқылы, су ресурстарын тиімді қолдану арқылы төмендету қарастырылған.

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы өңдеу өнеркәсібін әртараптандыруды және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды ынталандыруға бағытталған.

Бағдарламаның сәтті болуы Қазақстан Республикасының бизнесті жүргізу шарттарын жақсарту (Doing business), елдің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату (Global Competitiveness Index) бойынша алға қойылған міндеттерге қолжеткізуіне байланысты болмақ [9].

Бағдарлама Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010–2014 жж. арналған мемлекеттік бағдарламаның (ҮИИДМБ) қисынды жалғасы болып табылады және оны іске асыру тәжірибесі ескерілген. Бағдарлама Қазақстанның өнеркәсіптік саясатының бір бөлігі болып табылады әрі күш-жігер мен ресурстарды секторлардың шектеулі аясына, өңірлік мамандануға шоғырландыра отырып, кластерлік тәсілді қолдану арқылы өңдеу өнеркәсібін дамытуға және тиімді салалық реттеуге бағытталған.

Қазақстанда мемлекеттік бағдарламалардың жүргізілуін бағалаумен мемлекеттік жоспарлаудың өкілетті органы және Республикалық бюджеттің орындалуын бақылайтын есеп комитеті айналысады [10].

Мемлекеттік жоспарлаудың өкілетті органы ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының нәтижесін Қазақстан Республикасы ұлттық

экономикасының министрлігі мен Республикалық бюджеттің орындалуын бақылайтын есеп комитетінің мәліметтері негізінде қарастырайық (кестені қара).

К е с т е

**Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі  
2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының нәтижесі**


Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Ауытқу
Индикаторлар саны	191	147	- 44
Шаралар саны	359	243	- 116
Жобалар саны	770	322	- 448

*Ескерту.* Авторлармен [11, 12] негізінде әзірленген.

Кестеде Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010–2014 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасының индикаторларының, шараларының және іске асқан жобалардың орындалуы көрсетілген. Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрлігінің қорытындысы бойынша жоспарланған 191 индикаторлардың нақты түрде 147 (77 %) орындалған, ал 44 индикатордың жоспарланған мәндері аяқталмаған. Оның себебі аймақтық бағдарламалардағы 105 индикаторлар мен көрсеткіштер біріктірілген және әлемдік нарықтағы энергоресурстар мен металдар бағасының біршама түсуі әсер еткен.

2014 ж. қорытындысы бойынша жоспарланған 359 шараның тек 243 ғана орындалған, ал 116 шара ұзақ мерзімдік сипатта болғандықтан, олардың іске асуы — мемлекеттік органдардың жауапкершілігінде.

Есеп комитетінің тексеріс нәтижелері көрсеткендей, іске асқан 770 жобалардың тек 322 жобасы ғана толығымен жұмыс істеп тұр, оның ішінде 217 жоба ауыл шаруашылық кешеніне, 56 — құрылыс саласына, 26 — машина жасау саласына, 23 — кен-металлургия саласына тиесілі (2-сур.).




2-сурет. ҚР үдемелі дамытудың жобалар саны

2010–2014 жж. ҰИИДМБ жүргізу үшін республикалық бюджеттен 2 387,4 млрд тг бөлінген, оның ішінде 2010 ж. – 409,4 млрд тг, 2011 ж. – 506,1 млрд тг, 2012 ж. – 486,1 млрд тг, 2013 ж. – 514,9 млрд тг, 2014 ж. – 470,9 млрд тг.

Есеп комитеті ҰИИДМБ іске асыру бойынша тексерілген 389,7 млрд тг 87,3 млрд тг бойынша қаржылық бұзушылық болғанын және 49,9 млрд тг тиімсіз жұмсалғанын анықтаған. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында бұрынғы орындалған индикаторлар қайтадан енгізілген.

Индустриялаудың республикалық картасына экономиканың тұрақты дамуына әсер ететін индустриалды-инновациялық жобалар енгізілген. Егерде 2010–2014 жж. республикалық картаға 62 жоба енгізілсе, ал 2015–2019 жж. 36 жоба кіргізілген (3-сур.).



3-сурет. Аймақтар бойынша индустриализациялаудың республикалық карталары [13, 14]

2010–2014 жж. республикалық деңгейдегі жобалар негізінен Астана қаласында, Жамбыл, Қарағанды, Павлодар және Маңғыстау облыстарында жүзеге асырылған. Алайда көптеген жобалар аймақаралық сипатта болып келеді. 2015–2019 жж. жобалар саны 36 дейін қысқарған. Жобалардың басым бөлігі Павлодар және Атырау облыстарында жоспарланған.

Бағалау нәтижесін қорытындылай келе Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрлігі мен Республикалық бюджеттің орындалуын бақылайтын есеп комитеті жауап беретіні анықталған, бірақ оны жүргізу бойынша нақты нұсқаулар жоқ. Сонымен қатар бағдарламаны іске асыруда бірнеше мемлекеттік органдардың бөлімшелері жауап береді, ол өз кезегінде жалпы бағалауға кедергі келтіреді.

Мұндай мәселелер, біріншіден, уақытылы нәтижелерге қолжеткізуге, екіншіден, осы нәтижелерді қажетті түзету шараларын жасау үшін қолдануға бөгет болады. Басқа сөзбен айтқанда, тиімділік мәртебесін толық түсінігі қалыптаспаған және мәселелерді түзетуге қажетті назар аударылмайды. Мысалы, көптеген бағдарламаларды бағалау оны іске асыра бастаған уақыттан бірнеше жыл өткен соң жүзеге асырылады, ал бұл бағдарламаның мақсатқа жету ықтималдығын төмендетеді және қажет болған кезде тиісті түзетулерді енгізу мүмкіндігін қиындатады.

Біздің ойымызша, бағдарламаларды сапалы және тиімді дайындау мен іске асыруға кедергі болатын негізгі мәселелерге мыналар жатады:

–бағдарламаларды іске асыру үдерісінің тиімсіз ұйымдастырылуы оның сапалы орындалуы кедергі жасайды және соңғы нәтижелерін тәуекелге әкеліп соқтырады;

–кейбір аса маңызды кезеңдердің және жобалық тәсілдеменің әдіснамасы мен құралдарының болмауы;

–инвестициялардың қайтарымдылығы тұрғысынан әрбір бағдарламаның нәтижелері ескерілмейді;

–қажетті мониторинг пен нәтижелерді бақылаудың болмауы тиімсіздік тәуекелін және бағдарламаларды іске асыру үдерісіндегі жемқорлық ықтималдығын арттырады;

–тұтас жүйе шеңберінде қажетті адами әлеуеттің, оның ішінде жобаларды басқару дағдылардың болмауы табысты нәтижелерге қолжеткізуге кедергі болады.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Об утверждении Перечня государственных программ // Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2009 года № 957. — [ЭР]. Режим доступа: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 2 Государственная программа инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2015–2019 годы // Указ Президента Республики Казахстан от 6 апреля 2015 года № 1030. — [ЭР]. Режим доступа: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 3 Государственная программа «Информационный Казахстан–2020» // Указ Президента Республики Казахстан от 8 января 2013 года № 464. — [ЭР]. Режим доступа: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 4 Государственная программа по противодействию религиозному экстремизму и терроризму // Указ Президента Республики Казахстан от 24 сентября 2013 года № 648. — [ЭР]. Режим доступа: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 5 Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан «Денсаулық» на 2016 – 2019 годы // Указ Президента Республики Казахстан от 15 января 2016 года № 176. — [ЭР]. Режим доступа: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 6 Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2011–2020 годы // Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118. — [ЭР]. Режим доступа: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 7 Государственная программа развития и функционирования языков // Указ Президента Республики Казахстан от 29 июня 2011 года № 110. — [ЭР]. Режим доступа: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 8 Государственная программа управления водными ресурсами Казахстана на 2014 – 2020 годы // Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2013 года № 1423. — [ЭР]. Режим доступа: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 9 Государственная программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы // Указ Президента Республики Казахстан от 9 июня 2014 года № 627. — [ЭР]. Режим доступа: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 10 Указ Президента Республики Казахстан «О системе государственного планирования в Республике Казахстан» от 18 июня 2009 года №827. — [ЭР]. Режим доступа: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 11 По оценке Государственной программы по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010–2014 годы по итогам 5 лет. — [ЭР]. Режим доступа: [http://economy.gov.kz/ru/ministerstvo/detail.php?ELEMENT\\_ID=67612](http://economy.gov.kz/ru/ministerstvo/detail.php?ELEMENT_ID=67612).
- 12 Отчет Счетного комитета по контролю за исполнением Республиканского бюджета Республики Казахстан за 2014 год. — [ЭР]. Режим доступа: [www.esep.kz/gus](http://www.esep.kz/gus).
- 13 О Республиканской карте индустриализации на 2010–2014 годы // Постановление Правительства Республики Казахстан от 14 апреля 2010 года № 303. — [ЭР]. Режим доступа: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 14 О Республиканской карте индустриализации на 2015–2019 годы // Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2014 года № 1418. — [ЭР]. Режим доступа: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).

Б.С. Есенгельдин, Д.М. Катышев

### Анализ и оценка эффективности государственных программ и проектов в Республике Казахстан

В статье рассмотрена необходимость оценки государственных программ и проектов. Определено количество государственных программ Республики Казахстан за 2010-2016 гг., которые направлены на реализацию приоритетов стратегического развития страны. Авторы статьи отмечают, что количество государственных программ ежегодно меняется в зависимости от государственного видения перспектив развития страны. Проанализированы 8 действующих государственных программ, устанавливающих четкие государственные приоритеты в сферах образования, здравоохранения, развития языков и индустриализации. Проведена оценка результативности государственной программы по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан за 2010–2014 гг. по материалам Министерства национальной экономики и Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета. Рассмотрены республиканские проекты по картам индустриализации в разрезе регионов Республики Казахстан. В статье выявлено, что проекты республиканского значения в 2010-2014 гг. были реализованы в основном в г. Астане, Жамбылской, Карагандинской, Павлодарской и Мангыстауской областях. Также определено, что на 2015-2019 гг. наибольшее количество проектов запланировано в Павлодарской и Атырауской областях. Выявлены основные проблемы, затрудняющие качественную и эффективную разработку и реализацию государственных программ и проектов.

*Ключевые слова:* проект, программа, государственная программа, эффективность, оценка, индикатор, инновация, индустриализация, регион, инфраструктура.

## Analysis and evaluation of the effectiveness of government programs and projects in the Republic of Kazakhstan

The article discusses the need for evaluation of public programs and projects. The article defines the number of state programs of the Republic of Kazakhstan for 2010-2016 years, aimed at implementing the priorities of the strategic development of the country. The authors note that the number of government programs varies each year depending on the state vision of the country's development prospects. The authors analyzed the 8 existing state programs that establish clear national priorities in the areas of education, health, language development and industrialization. The paper evaluated the effectiveness of the state program for accelerated industrial-innovative development of Kazakhstan for 2010-2014, based on the Ministry of National Economy and the Accounts Committee for Control over Execution of the Republican Budget. The authors considered the Republican Industrialization Map projects in the context of the Republic of Kazakhstan regions. The article revealed that the projects of republican value in 2010-2014 have been implemented in the main city of Astana, Zhambyl, Karaganda, Pavlodar and Mangistau regions. The article also identifies that the years 2015-2019 the largest number of projects planned in Pavlodar and Atyrau regions. The authors identified the main problems hampering quality and efficient development and implementation of government programs and projects.

*Keywords:* project, program, state program, efficiency, evaluation, indicator, innovation, industrialization, region, infrastructure.

### References

- 1 *On approval of the list of government programs*, Decree of the President of the Republic of Kazakhstan from March, 19, 2009, № 957, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 2 *The state program of infrastructure development «Nurly Zhol» for 2015–2019*, The Republic of Kazakhstan President's Decree of April, 6, 2015, № 1030, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 3 *The state program «Information Kazakhstan–2020»*, The Republic of Kazakhstan President's Decree of January 8, 2013, № 464, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 4 *The state program on combating religious extremism and terrorism*, The Republic of Kazakhstan President's Decree of September, 24, 2013, № 648, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 5 *State health development program of the Republic of Kazakhstan «Densaulyk» for 2016–2019*, Decree of the President of the Republic of Kazakhstan from January, 15, 2016, № 176, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 6 *The State Program for Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2011–2020*, Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated December, 7, 2010, № 1118, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 7 *State program development and functioning of languages*, The Republic of Kazakhstan President's Decree of June, 29, 2011, № 110, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 8 *The State Water Resources Management Program of Kazakhstan for 2014–2020*, Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan from December, 30, 2013, № 1423, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 9 *The state program of industrial-innovative development of Kazakhstan for 2015–2019*, The Republic of Kazakhstan President's Decree of June, 9, 2014, № 627, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 10 *Decree of the President of the Republic of Kazakhstan «On the System of state planning in the Republic of Kazakhstan» dated June, 18, 2009, №827*, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 11 *According to the state program for accelerated industrial-innovative development of Kazakhstan for 2010–2014 goals by the end of 5 years*, [http://economy.gov.kz/ru/ministerstvo/detail.php?ELEMENT\\_ID=67612](http://economy.gov.kz/ru/ministerstvo/detail.php?ELEMENT_ID=67612).
- 12 *Report of the Accounts Committee for Control over Execution of the Republican Budget of the Republic of Kazakhstan in 2014*, [www.esep.kz/rus](http://www.esep.kz/rus).
- 13 *On the Republican map of industrialization in 2010–2014*, Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 14, 2010, № 303, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
- 14 *Republican industrialization map for 2015–2019*, Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan from December, 31, 201, № 1418, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).